

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 94 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 42 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабының 7-тармағына және "2012 - 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 94 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 18, 211 - құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 1 3 қ а ң т а р д а ғ ы
№ 4 2 қ а у л ы с ы н а
қ о с ы м ш а
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 8 а қ п а н д а ғ ы
№ 9 4 қ а у л ы с ы м е н
б е к і т і л г е н

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1. Миссиясы мен пайымдауы

Миссиясы. Қазақстан Республикасының экономикалық өсуін және экономикасының жоғары бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуге жәрдемдесу мақсатында мемлекеттік қаржының тұрақтылығын, сенімділігін және теңгерімділігін қамтамасыз ету.

Пайымдауы. Неғұрлым дамыған, орнықты және прогрессивті эволюцияланатын жүйелердің бірі ретінде әлемдік қоғамдастық саралайтын мемлекеттік қаржының тиімді жұмыс істейтін жүйесі.

2. Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларын (аяларын) дамыту үрдістерін талдау

1-стратегиялық бағыт. Нәтижеге бағдарланған бюджетті қалыптастыру

Бюджеттің толық және уақтылы атқарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) бюджеттерді жоспарлау және атқару сапасын арттыру, бюджеттердің атқарылуына және мемлекеттік мекемелердің шоттарына қазынашылық қызмет көрсету, мемлекеттік сатып алу процесінің тиімділігін оңтайландыру және арттыру, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің қаражатын пайдалану кезінде қаржылық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

2009 жылы әлемдегі тұтынудың жаһандық қысқаруы салдарынан Қазақстан экономикасының салаларындағы іскерлік белсенділіктің баяулауына байланысты бюджет жүйесі кірістерінің күрт қысқарғаны байқалды. Мәселен, егер 2008 жылы ЖІӨ-нің 25,1%-ы мемлекеттік бюджет арқылы қайта бөлінген болса, онда дәл осындай көрсеткіш 2009 жылдың қорытындылары бойынша 20,6%-ды құрады. Мемлекеттік бюджет кірістері 2009 жылы оның алдындағы жылмен салыстырғанда 13,1%-ға қысқарды.

Ел үкіметі шығыстарды оңтайландыру және әлеуметтік төлемдерді арттыру және дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру арқылы тұтынушылық сұранысты бюджеттік ынталандыру мақсатында оларды қайта бағдарлау жолымен республикалық бюджеттің едәуір тапшылығына жол бермеді.

2010 жылдың қорытындылары бойынша республикалық бюджеттің тапшылығы ЖІӨ-ге 2,5%-ды құрады, бұл 2010 жылға арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген көрсеткіштен төмен. Салыстыру үшін, басқа елдерде бюджет тапшылығы: АҚШ-та – ЖІӨ-нің 8%-ын, Жапонияда – ЖІӨ-нің 7,6%-ын, Ресейде – ЖІӨ-нің 4,1%-ын, Қытайда – ЖІӨ-нің 2,8%-ын, Ұлыбританияда – ЖІӨ-нің 7,9%-ын, Францияда – ЖІӨ-нің 5%-ын, Украинада – ЖІӨ-нің 5%-ын, Белоруссияда – ЖІӨ-нің 3%-ын құрады. Қазақстанда республикалық бюджеттің тапшылығын одан әрі

кезең-кезеңмен, ал 2014 жылы ЖІӨ-нің 1,3%-ына дейін төмендету жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі бекітілген, оның негізгі элементі мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары б о л д ы .

2009 жылдан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Бюджет кодексі күшіне енгізілді, ол нәтижеге бағдарланған бюджеттеудің заңнамалық негізін салды. Бюджетті "сырғымалы үш жылдық" қағидаты бойынша қалыптастыру қамтамасыз етілді.

Бөлінетін бюджет қаражатын мақсаттармен және нақты нәтижелермен өзара байланысын күшейте отырып, бюджет жүйесін жетілдіру шеңберінде 2014 жылы нәтижелерге бағдарланған бюджеттеудің тұтқалы элементтері, оның ішінде бюджеттік өтінімнің жаңа пішімі енгізілетін болады.

Бюджеттік бағдарламаларды нәтижеге бағдарланған бюджеттеу қағидаттарына сәйкес қалыптастыру мақсатында Бірыңғай бюджеттік сыныптама жетілдірілетін болады. Бұл қағидаттарды ең озат халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган әзірлейтін болады.

Бюджеттік өтінімнің форматы оның мазмұны мәлімделетін шығыстардың мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігіне дәл түсінік беретіндей етіп қайта қ а р а л а т ы н б о л а д ы .

Бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру мақсатында оларды қаржыландырудың , оның ішінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін пайдалану есебінен де қаржыландырудың оңтайлы жолдарын анықтау үшін жобаларды бастапқы кезеңде салыстырмалы талдау және бағалау жүргізу негізінде бюджеттік инвестицияларды жоспарлауға көзқарастар жетілдірілетін болады.

Мемлекеттік (үкіметтік) борыштың өсуі байқалады, оның себебі тапшылығы бар республикалық бюджетті қалыптастыру болып табылады. Жыл сайын мемлекеттік (үкіметтік) борыш курстық айырманы ескере отырып, қарыз алу есебінен тапшылығын қаржыландыру сомасы өсуде. Мәселен, 2009 жылдың басында мемлекеттік (үкіметтік) борышқа қатысты ЖІӨ-ге шаққанда 6,4%, 2010 жылы – 10,1%-ды, ал 2011 жылдың басында 11,5%-ды құрады. Осылайша, борыштың абсолюттік және салыстырмалы тү р д е ө с у і б а й қ а л ы п о т ы р .

Бюджеттік бағдарламаларды уақтылы қаржыландыруды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі тиісті жылға арналған бюджет тапшылығының бекітілген мөлшері шеңберінде ішкі және сыртқы нарықтардан қарыз а л у д ы жү з е г е а с ы р а д ы .

Қарыз алудың мақсаттары мен қаржылық шекараларын белгілеу үкіметтік қарыз елу кезінде негіз болып табылады. Мемлекеттік борышты сапалы басқара отырып, Үкіметтің қарыздарды саналы көлемде тартуымен бірге оны қауіпсіз деңгейде ұстау Қаржы министрлігінің ең басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Үкіметтік борышты тиімді басқаруды қамтамасыз ету шеңберінде Қаржы министрлігінде үкіметтік борыштың пайыздық және валюталық тәуекелдерін бағалау, валюталар, сыйақы мөлшерлемелері бойынша борыш құрылымын жеткілікті әртараптандыруды қамтамасыз ету, үкіметтік борыштың жалпы көлеміндегі сыртқы борыштың үлесін қысқарту бойынша жұмыстар жүзеге асырылуда.

Жүргізіліп отырған мониторинг көрсетіп отырғандай борыш индикаторларының белгіленген шектегі жол берілетін деңгейлері жол берілетін мәндер аймағында және қауіп тудырмайды. Борыштың ЖІӨ-нің мөлшері мен арақатынасы әлемдік практикада борыштық жүктемені бағалауға мүмкіндік беретін неғұрлым қарапайым борыш индикаторы болып табылады. Мәселен, 2011 жылдың басында мемлекеттік борыштың ЖІӨ-ге қатынасы 14,4%-ды құрады. Борыштың бұл деңгейі еліміздің дамуына қауіп төндіріп, асып кететін шектен шықпайды. Мысалы, ЕО елдері үшін бұл критерий 60%-дан аспауы тиіс. Бұл критерийді Кеден одағына қатысушы елдер ұстанады.

Бүгінгі таңда ішкі үкіметтік қарыз алу республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін, сондай-ақ қор нарығында тиісті бағдар белгілеу және жинақтаушы зейнетақы қорларына (ЖЗҚ) зейнетақылық активтерін орналастыру үшін сенімді және өтімді қаржы құралдарын ұсыну мақсатында айналымда мемлекеттік бағалы қағаздардың (МБК) жеткілікті көлемін ұстап тұру үшін жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес отандық қор нарығы 2020 жылға қарай ТМД мен Орталық Азиядағы ислам банкингінің өңірлік орталығына айналуы және Азиядағы жетекші қаржы орталықтарының ондығына енуі тиіс. Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде исламдық қаржыландыру құралдары қазақстандық экономиканың тиімді және ұзақ мерзімді қаржы көзіне айналуы мүмкін.

Үкіметтік сыртқы қарыз алу саласында халықаралық қаржы институттарының қарыздарын тарту жүзеге асырылуда. Қарыз алудың оңтайлы деңгейін қалыптастыруды, борышқа қызмет көрсетуге арналған шығындар мен тәуекелдерді ескере отырып, алдағы жылға үкіметтік сыртқы қарыз алу көлемін жоспарлау экономиканың дәстүрлі мамандандыру секторларындағы ірі инвестициялық жобаларды іске асырумен байланыстырылатын болады.

Осыған байланысты алдағы орта мерзімді кезеңде бірлескен жобалар мен бағдарламаларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының әртүрлі, оның ішінде ХҚДБ, АДБ, ЕҚДБ, ЖХЫА, ИДБ, ЕИБ сияқты халықаралық қаржы институттарымен халықаралық кредиттік қарым-қатынастар саласындағы ынтымақтастығын одан әрі дамыту жоспарланып отыр.

Мемлекеттік қарыз алу саясаты Үкіметтің болашақта республикалық бюджеттің

жай-күйіне қарамастан борышты өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерін орындауына мүмкіндікті қамтамасыз етуі тиіс. Бұл үшін борыштың өсу қарқынын ЖІӨ-нің өсу қарқындарымен барабарлығын қамтамасыз ету қажет, үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге шығыстардың өсу қарқыны республикалық бюджет кірістерінің өсу қарқынынан асып кетпеуі тиіс.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі Жарлығымен жаңа Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы мақұлданды. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты болашақ ұрпаққа арналған жинақтарды ұлғайту және Ұлттық қордың қаражатын жинақтауды үкіметтік қарыз алумен алмастыруды болдырмау болып табылады.

Тұжырымдаманың ережелері 2020 жылға Ұлттық қордың қаражатын 90 млрд. АҚШ долларына дейін жеткізуге бағытталған, бұл ЖІӨ-нің кемінде 30%-ын құрайды.

Қазіргі уақытта Қазынашылық жүйесінде 13 мыңға жуық мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетіледі, Қазынашылық жүйесін нақты уақыт режимінде пайдаланушы шамамен 3 мыңдай адам Қазынашылық ақпараттық жүйесінде мемлекеттік бюджеттің қаражатын есепке жатқызу мен жұмсау рәсімдерін жүргізе отырып, операцияларды жүзеге асырады. Күн сайын орташа есеппен 25 мың төлем жүргізіледі, Қазақстандық банкаралық есептер орталығынан күн сайын орташа есеппен 30 мың түсім келіп түседі. Айдың аяғында бұл көрсеткіштер екі есе артады, өйткені осы кезеңде мемлекеттік мекемелер негізгі (еңбекақы, жәрдемақы, салықтар және т.б.) төлемдерін жүргізеді.

Бюджеттің атқарылу рәсімдерінің маңыздылығын ескере отырып, Қазынашылықтың тікелей міндеті жүйенің өнімділігіне жүктеме артқан кезде, әрбір қаржы операциясының уақтылы жүргізілуін қамтамасыз ету болып табылады. Бүгінде Қазақстан қазынашылығының негізгі мақсаты қаржылық есептіліктің толықтығын, тұтастығы мен дәлдігін, сондай-ақ қағаз құжаттамадан электрондық құжат айналымына көшу болып табылады. Мәселен, мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету мен қаржылық құжаттарды өңдеу уақытын 2012 жылы 3 жұмыс күнінен бастап, 2013 жылы 2 жұмыс күніне дейін, ал "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесі арқылы 2013 жылы – 1 жұмыс күніне дейін қысқарту жоспарланған.

Осыған байланысты, қаржылық құжаттардың өсу серпінін ескере отырып, Қаржы министрлігінің Стратегиялық жоспарында Қазынашылық пен Клиент (мемлекеттік мекеме, бюджеттік бағдарлама әкімшілері, уәкілетті мемлекеттік органдар) арасындағы өзара іс-қимыл бөлігінде Қазынашылық ақпараттық жүйесін жетілдіру бойынша міндеттер көзделген. Қазынашылық жүйесін жетілдіру шеңберінде 2008 жылы ҚИАЖ-ға Клиент ұсынған қаржылық құжаттарды қабылдау және одан әрі өңдеу бойынша Қазынашылықтың функцияларын автоматтандыру үшін "Қазынашылық-Клиент" мемлекеттік мекемелермен электрондық құжат айналымын құру кезеңі басталды.

"Қазынашылық-клиент" АЖ-ның мақсаты заманауи, интеграцияланған және тиімділігі жоғары ақпараттық ортаны ұсыну арқылы қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелерімен Қазынашылықтың өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болып табылады, жалпы алғанда, "Қазынашылық-клиент" АЖ-сын енгізу мемлекеттік органдарға қызмет көрсету рәсімдерін жеделдетуге мүмкіндік береді.

"Қазынашылық-клиент" АЖ дамыту мен оның таралымы мынадай басқарушылық міндеттердің тиімді шешілуін қамтамасыз етуі тиіс:

1. ақпаратты сақтау және өндеудің тиімділігі жоғары заманауи технологияларын қолдана отырып, Қазынашылық ақпараттық жүйесіне құжаттардың деректерін автоматтандырылған енгізуді бірегейлендіру, жеңілдету және жеделдету;

2. қазынашылық өңдейтін деректердің жеделдігін, дәлдігін, сенімділігін, а ш ы қ т ы ғ ы н а р т т ы р у ;

3. құжаттардың дұрыстығын растау, құжаттарды келісу процесін жеңілдету және байланыс арналарын қорғау құралдарын пайдалану үшін заманауи ақпаратты қорғау құралдарымен - Электрондық цифрлық қолтаңбамен интеграциялау;

4. мұрағатта ақпаратты сақтау, өңдеу, оның қол жетімділігі мен тиімді ізделуі үшін құжаттардың орталықтандырылған мұрағатын ұйымдастыру.

"Қазынашылық-клиент" АЖ-ны іске қосу нәтижесінде мемлекеттік мекемелерге қашықтан қызмет көрсету қамтамасыз етіледі, бұл өз кезегінде қазынашылық органдарының мемлекеттік мекемелерімен өзара іс-қимылдары кезінде жұмыстың тиімділігін едәуір арттырады және тиісінше, ол бюджеттердің атқарылу сапасын жақсартады деп жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, облыстардың мемлекеттік мекемелері компьютерлік техникамен жарақтандыруда жоғары деңгейге қол жеткізілгеніне қарамастан Интернет желісіне қосылуда проблемаларға тап болып отыр. "Қазақтелеком" АҚ-ның қажетті техникалық жағдайларының болмауына байланысты қала және аудан орталықтарынан алыс орналасқан мемлекеттік мекемелердің ең төмен өткізу қабілеті кемінде 128 Кбит/с байланыс арналары бойынша Интернет–байланысына қосылу мүмкіндіктері жоқ. Бұл ретте, Интернет–байланысына қосылуға қол жеткізгендердің өздері де желі жұмысының тұрақсыздығын атап өтуде.

Қазіргі уақытта, жүргізіліп жатқан ішкі мемлекеттік қаржылық бақылау қорытындылары бойынша айқындалып отырған қаржылық бұзушылықтар сомасының өсуіне байланысты, мемлекеттік бюджет қаражатын пайдалану кезінде бақылау объектілерінің қаржылық тәртібін арттыру мәселесі неғұрлым өзекті болып табылады. Бұл жағдайларда, берілген ден қою актілеріне сәйкес анықталған бұзушылықтарды және оларға ықпал еткен себептер мен жағдайлардың толық жойылуы өте маңызды а с п е к т б о л ы п т а б ы л а д ы .

Тексерулер санын төмендету кезінде анықталатын бұзушылықтардың ұлғаюы, ең алдымен, жоспарлы бақылауға барлық объектілер бірдей іріктелмей, тек қана бюджетті

атқару кезінде бұзушылықтарға жол беру тәуекел деңгейі неғұрлым жоғары объектілер ғана іріктелген кезде тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалана отырып, бақылау іс-шараларын жоспарлауға байланысты. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу жағдайларында тәуекелдерді басқару жүйесін автоматтандыру қажеттігі туындайды, бұл бақылау объектілерін осы жүйемен толық қамтуды б о л ж а м д а й д ы .

Мемлекеттік сатып алуды "бір терезе" қағидаты бойынша орталықтандыру және жүзеге асыру мақсатында "электрондық сатып алу" ақпараттық жүйесі - мемлекеттік сатып алу веб-порталы (бұдан әрі - Веб-портал) құрылды.

2010 жылғы 1 қаңтардан бастап баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен барлық мемлекеттік сатып алулар электрондық форматта өткізілуде.

Сонымен қатар, Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде Ресей, Белоруссия мен Қазақстанның арасында Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу туралы келісімге қол қойылды. Келісімде 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан үшін электрондық мемлекеттік сатып алуға көшу көзделген.

2011 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап, тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалануға және конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуларды электрондық форматта өткізуге құқылы. Мемлекеттік сатып алудың жаңа тәсілі - электрондық аукционды енгізу жоспарланып отыр, оны барлық тапсырыс берушілер 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік сатып алу веб-порталында нақты уақыт режимінде жүзеге асыратын болады.

Электрондық конкурс әлеуетті өнім берушілер үшін мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдерін жеңілдетеді. Атап айтқанда, әлеуетті өнім берушілердің тұрған жеріне қарамастан конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы Портал арқылы электрондық құжаттаманы пайдалану, мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ИСАЖ-ге жүгіну жолымен берешегі жоқ екені туралы салық органынан анықтама алу, он-лайн режимінде конкурстық өтінімдер беру, конкурстық баға ұсыныстарын ұсыну тұрғысынан жеңілдетеді.

Электрондық конкурсқа көшу қатысушы - өнім берушілердің ақпараттық алаңы мен олардың санын кеңейтеді, тиімді бәсекелестік орта үшін алғышарттар жасайды, қорытындылар жасау кезінде сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмайды. Электрондық мемлекеттік сатып алудың негізгі артықшылығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күрес тәсілі, бюджет қаражатын үнемдеу, отандық шағын және орта бизнестің дамуын қолдау және т.б.

Мемлекеттік сатып алуды автоматтандыру бюджет қаражатын үнемдеудің және мемлекеттік сатып алу процесін негізсіз кідірту себептерін жоюдың неғұрлым тиімді құралдарының бірі болып табылады.

2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жүйеде 110 043-тен астам қатысушы тіркелген, одан :

- тапсырыс берушілер – 23 839;
- өнім беруші заңды тұлғалар – 34 280;
- өнім беруші жеке тұлғалар – 38 004.

2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 1 қараша арасында веб-порталда – 33 854 953 пайдаланушы болды. Олардың ішінде абсолюттік бірегей келушілер (тапсырыс берушілер, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар, әлеуетті өнім берушілер) – 9 9 0 7 4 9 9 .

Мәселен, 2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 81 сатып алуды ұйымдастырушы жариялаған 1 821 лотпен 395 электрондық конкурсты өткізу аяқталды, оның ішінде 658 лот болып өтті. Осы лоттар бойынша жалпы жоспарлы сомасы 2 325,0 млн. теңге болған кезде, жалпы іс жүзіндегі сомасы 2 216,0 млн. теңгені құрады. Электрондық конкурстарды өткізуден тиісінше шартты үнемдеу 109,1 млн. теңге мөлшерінде немесе 4,7 %-ды құрады. Веб–порталға кіріп-шығу күніне 50 605 келушіні қ ұ р а д ы .

Тұтас алғанда, мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде озат ақпараттық технологияларды пайдалану мемлекеттік бюджетті нақты үнемдеуді қамтамасыз етеді.

Қазақстанда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (бұдан әрі - ХҚЕС) қолдану мәселелері заңнамалық деңгейде реттелген. Жария мүдделі ұйымдар мен ірі кәсіпкерлік субъектілері қаржылық есептілік жасауды Халықаралық стандарттарға сәйкес, ал шағын және орта кәсіпорындар Ұлттық қаржылық есептілік стандарттарына с ә й к е с ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Қазақстан Республикасының аумағында ХҚЕС-ті тарату үшін жағдайлар жасалған. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары комитетінің Қорымен шарт жасасу негізінде ХҚЕС-ті мемлекеттік және орыс тілдеріне аудару мен тарату жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігінің индикаторы олардың қаржылық есептілігінің ашықтығы болып табылады, ол Халықаралық стандарттардың талаптарының сақталуымен қамтамасыз етіледі. Ұзақ уақыт бойы ХҚЕС-ті қолданудың проблемасы орыс тілінде ресми жарияланған стандарттардың жоқтығы табылады. Тек 2011 жылы ғана Қаржы министрлігі стандарттарды екі тілде жариялау құқығына ие болды. Бүгінгі таңда ХҚЕС www.minfin.kz сайтында мемлекеттік тілде, сол сияқты о р ы с т і л і н д е д е о р н а л а с т ы р ы л ғ а н .

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық мемлекеттік мекемелерді бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті ҚСХҚЕС сәйкес және есептеу әдісімен жүргізуге көшіру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебінің кассалық әдіске негізделген қолданыстағы жүйесінің бірқатар кемшіліктері бар, олар: мемлекеттік активтер мен міндеттемелері есептерде толық ескерілмейді және к ө р с е т і л м е й д і ;

есепке алу жүйесі айтарлықтай дәрежеде қағидаттарға емес, ескірген және жүйелі және жан-жақты қайта қарауды талап ететін қағидаларға негізделеді; активтер мен міндеттемелерді есепке алу халықаралық практикаға сәйкес келмейді.

Ақша қаражатының ағынын қадағалауға мүмкіндік беретін және экономиканың мемлекеттік секторы шеңберінде активтер мен міндеттемелер туралы толық көріністі бермейтін кассалық есепке алу әдісіне қарағанда есептеу әдісі бюджеттік бағдарламалардың атқарылу нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті реформалаудың мақсаты – бұл мемлекеттік сектордың операциялары мен ахуалы туралы толық және барлық көлемді қамтитын деректерді қалыптастыру, мемлекеттік сектордың активтері, міндеттемелері мен қызметінің нәтижелері туралы деректерді объективті көрсететін транспарентті және салыстырмалы қаржылық есептілікті қалыптастыру.

ҚР Қаржы министрлігі мен Халықаралық бухгалтерлер федерациясының (IFAC) Қоғамдық сектордағы есептің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңесі арасында ҚСХҚЕС-тың соңғы нұсқасын ағылшын тілінен мемлекеттік және орыс тілдеріне аударуға шарт жасалды. Шарттың негізінде ҚСХҚЕС-ті www.minfin.kz сайтында орналастыра отырып, мемлекеттік және орыс тілдеріне аудару жүзеге асырылуда.

Ақша қаражатының ағынын қадағалауға мүмкіндік беретін және экономиканың мемлекеттік секторы шеңберінде активтер мен міндеттемелер туралы толық көріністі бермейтін кассалық есепке алу әдісіне қарағанда есептеу әдісі бюджеттік бағдарламалардың атқарылу нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді.

Қаржылық есептілікті жасаушылардың, пайдаланушылардың кәсіби құзыреттілігі ҚСХҚЕС-ке сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың жаңа әдіснамасын енгізу кезінде анықтаушы болып табылады.

Республикалық бюджет шығыстарының теңгерімділігі мен құрылымы, салықтар мен кедендік төлемдер түсімдерінің толықтығы, салық және кеден жүйесін жақсарту, сондай-ақ үкіметтік борыш мөлшерін қауіпсіз деңгейде ұстау мәселелері өзекті болып қ а л а б е р м е к .

Экономикалық ахуалдың нашарлауы мен жақсаруы республикалық бюджет пен Ұлттық қорға түсетін түсімдер деңгейіне, бюджет шығыстарының құрылымына, қарыз алу мүмкіндігі мен шарттарына әсер ететін анықтаушы сыртқы фактор болып табылады. Негізгі ішкі факторларға республикалық бюджетті жоспарлау мен атқару сапасы жатады.

2-стратегиялық бағыт. Салықтық және кедендік жүйені жетілдіру

Салық жүйесін әкімшілендірудің тұтқалы мақсаттары – салықтық әкімшілендіруді жақсарту және көрсетілетін салықтық қызметтердің сапасын арттыру болып табылады.

Өндіріп алуға үмітсіз бересіні есепке алмағанда 2011 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша бересінің сомасы – 89,8 млрд. теңгені құрады, ол шоғарлындырылған бюджет кірісінің жалпы көлемінде 1,3 %-ды құрайды.

Салық заңнамасына сәйкес салық органдары бересі кісілерге мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесі мен салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану бойынша жұмыстар тұрақты жүргізілуде.

Салықтық әкімшілендіруді күшейту мақсатында салық органдарына қасақана жалған банкроттықты анықтау, салық міндеттемесі мен салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану, салық төлеуден жалтарудан бастап, сотқа борышкерлерді банкрот деп тану туралы өтініш бергенге дейінгі схеманы айқындау тұрғысынан мұқият талдау жасау тапсырылды.

Бұдан басқа, Елбасының тапсырмасы "Салықтық әкімшілендіру тиімділігін арттыру, салықтық бересіні төмендету, салықты көрінеу төлемейтіндердің тізімін жариялау" деген Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен 2011 жылғы 3 маусымда өткен кеңестің № 01-7.7 Хаттамасының 4-тармағын орындау бойынша Іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді.

Салық Кодексінің 621-бабына сәйкес салық қызметі органдары салық берешегі туындаған күннен бастап алты ай ішінде өтелмеген:

- дара кәсіпкерлердің, жекеше нотариустардың, жеке сот орындаушылары мен адвокаттардың - республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшерінен асатын мөлшердегі;

- заңды тұлғалардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 150 еселенген мөлшерінен асатын мөлшердегі салық берешегі бар салық төлеушілердің (салық агенттерінің) тізімі Салық комитетінің (www.salyk.kz) интернет–порталында тоқсан сайын жариялап отырады.

Салық органдарының түсімдерін салық жинау жөніндегі жұмысы уәкілетті органдармен бірлесіп жүзеге асырылуда. Уәкілетті органдардың дерекқорларын өзекті ету жүргізілуде, алымдар мен салықтардың толықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берілді.

Жергілікті бюджет кірісінің 70%-ға жуығы еңбекақы төлеу қорынан түсетін салықтар құрайтынын ескере отырып, салық органдарында жүйелі негізде нақты еңбекақысын, жалдамалы жұмысшыларының іс жүзіндегі санын жасырып жүрген және тиісінше еңбекақы төлеу қорынан салық төлеуден жалтарып жүретін салық төлеушілерді анықтау бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Әкімшілендірудің тиімді нәтижелеріне қол жеткізуде кешенді көзқарасты ұстану мақсатында әлеуметтік жобалар арқылы қосымша бақылау ретінде жұртшылық

тартылады. Мысалы, ағымдағы жылғы 1 қарашадан бастап 1 желтоқсанға дейін ҚР Білім және ғылым министрлігі, "Атамекен" ҰЭП, "Нұр Отан" ҰДП, "Жас Отан" Жастар қанатының қолдауымен жалпы білім беретін мектептер арасында "Чек талап ет - отан сүйгіш бол" акциясы өткізілді.

Дүниежүзілік банктің "Doing Business – 2012" рейтингінің "Салық салу" индикаторы жөніндегі қорытындылары бойынша Қазақстан әлемнің 183 елінің ішінде 13 орынға ие, бұл ретте осы жылдың нәтижелері бойынша "Салық төлеушілерге өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті уақыт" сияқты көрсеткіштің едәуір жақсарғаны анықталды, ол салықтық әкімшілендіру деңгейін тікелей көрсетеді, өткен жылдың нәтижелері бойынша бұл көрсеткіш 271 сағат, ал осы жылы - 188 сағат.

Бұл көрсеткішті жақсартуға Салық комитетінің декларациялар мен есептерге жекелеген қосымшаларды алып тастау, салықтық есептілік нысандарындағы жанама – ақпараттық сипаттағы ақпараттарды қысқарту жолымен салықтық есептілік нысандарын жеңілдету және жетілдіру бойынша бизнес-қоғамдастықтармен бірлесіп жүргізген жұмыстары әсер етті.

Осы жұмыстардың нәтижелері бойынша 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда салықтық есептілік нысандарының көлемі:

1) қосымшалары	53	% -ға;
2) беттері	63	% -ға;
3) жолдары	57	% -ға қысқарды.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру барлық мемлекеттік органдардың бірінші дәрежелі міндеттерінің бірі болып табылады. Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізіліміне салық қызметі органдарының 24 қызметі енгізілген, оның ішінде қазіргі уақытта 20 қызмет бойынша мемлекеттік қызмет стандарттары бекітілген және енгізілген. Сондай-ақ ағымдағы жыл ішінде қосымша 12 қызметті Тізілімге енгізу жоспарланып отыр, 1 қызмет алынып тасталуға жатады, сөйтіп Тізілімге салық қызметі органдарының 35 қызметі енгізілген болады, олар бойынша 2012 жылдың ішінде мемлекеттік қызмет стандарттары мен регламенттерін бекіту және енгізу жоспарланып отыр.

2007 жылдан бастап, Салық төлеушілер қауымдастығының қолдауымен салық төлеушілерге сауалнама жүргізіледі, оның нәтижесінде салық органдары көрсететін салықтық қызметтерге баға беріледі. Сауалнаманы тәуелсіз социологиялық ұйымдар жүргізеді. 2007-2010 жылдар кезеңінде салық төлеушілердің қанағаттану деңгейін талдау қызмет көрсету бөлігінде салық органдарының жұмысындағы оң беталыс туралы куәландырады. 2010 жылдың нәтижелері бойынша осы көрсеткіш бизнес субъектілері бойынша 88%-ды және халық арасында 89%-ды құрады. Көрсеткіш мәнін кезең-кезеңмен 90%-дық деңгейге дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Соңғы жылдары, Қазақстанның кеден қызметі кедендік әкімшілендіруді жетілдіру, кедендік рәсімдерді оңайлату, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар (бұдан әрі

– СЭҚ) мен жалпы халық үшін қолайлы жағдай жасау жағына белсенді шаралар қ а б ы л д а у д а .

2010 жылғы шілде айында Кеден одағында кедендік реттеудің құқықтық негіздері – Кеден одағының Кеден кодексі іске асырылып, Кеден одағына мүше мемлекеттердің бірыңғай кедендік аумағында қолданылуда.

Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы ережелерінің шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттерде: кедендік декларациялау және кедендік рәсімдерді қолдану; кедендік тазартумен және тауарларды шығарумен байланысты кедендік операцияларды жасау; кедендік бақылау тәуекелдерді басқару жүйесін (ТБЖ) пайдалана отырып, жүргізу және т.б. тәртібі біріздендірілді.

2010 жылғы 1 шілдеден бастап, Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының ережелеріне сәйкес Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан шыққан тауарлар, сондай-ақ үшінші елдерден шыққан және Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында еркін айналымға шығарылған тауарлар кедендік декларациялауға және кедендік тазартуға жатпайды, ал 2011 жылдың басынан бастап Кеден одағының аумағында тауарларды өткізу еркін жүзеге асырылады.

Тауарларды шығару кедендік декларация тіркелген күннен кейінгі 1 жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал тауарлардың жекелеген санаттарына қатысты – 4 сағаттың ішінде (экспорт) жүргізіледі. Көрсетілген мерзімдер тәуекелдерді басқару жүйелерін пайдалана отырып, кедендік бақылау жүргізілетін уақытты қамтиды.

2010 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасында шетелдік тауарларды декларациялау кезінде міндетті құжаттардың тізбесі 3 (үш) негізгі құжатқа (КД беретін тұлғаның өкілетін растайтын құжат; коммерциялық және көліктік (тасымалдық) құжаттар) дейін қысқарды, лицензиялау институты қысқартылды, бұл 5 мың еуродан 19 мың еуроға дейін құрайтын лицензиялық алымды төлеу бойынша шығыстарды б о л д ы р м а у ғ а м ү м к і н д і к б е р д і .

Қазақстан Республикасында тартымды инвестициялық климатты сақтау мақсатында кеден заңнамасында отын-энергетика саласындағы кедендік төлемдерді төлеу, төлеуден босату тәртібін регламенттейтін жер қойнауын пайдаланушыларға арналған келісімшарттардың ережелерін сақтау көзделген. Электр энергиясын уақытша декларациялау рәсімі жойылды, электр энергиясын кедендік декларациялау тауарлар іс жүзінде өткізілгеннен кейін декларация беру жолымен жүргізіледі. Құбыржол көлігімен және электр беру желілерімен өткізілетін тауарларды кедендік рәсімдеу кезінде тауарларды іс жүзінде көрсету талап етілмейді.

Арнайы, мысалы, декларация бергенге дейінгі шығарылыммен, яғни 40 күнге дейінгі мерзімге іс жүзінде пайызсыз мерзімі ұзартылатын жеңілдіктерді пайдаланатын уәкілетті экономикалық оператор институты енгізілді.

2010 жылғы қазаннан бастап, кедендік декларацияны тексеру мен кедендік бақылау тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып, жүргізіледі.

Осы жүйе шеңберінде ТМД елдерінің арасында алғаш рет пост-кедендік бақылау кезінде тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану көзделген.

Шекарада бақылаушы органдардың іс-қимылдарын үйлестіру, тауарлар мен көлік құралдарына берілетін құжаттарды қабылдап алу мен беруді жүзеге асыру бойынша функцияларды кеден органдарына жүктей отырып, интеграциялаған (біріктірілген) кедендік бақылау енгізілді.

Басқа бақылаушы органдармен қашықтан бірлесіп мониторинг жүргізу үшін мемлекеттік шекарада Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің (бұдан әрі – КБК) тиісті құрылымдық бөлімшелеріне кеден органдарының 20-дан астам жұмыс орны мен 60-тан астам автомобиль өткізу пункттері қосылған.

Кеден одағының сыртқы шекарасында тауарлар мен көлік құралдарының өткізілуіне бақылауды күшейту мақсатында шекараның өңірлік мониторинг орталықтары құрылды, теміржол, әуе және теңіз көліктерінің ведомствоаралық мониторинг жүйесіне қосылу жүргізілуде, тауар туралы, тауарлардың транзиті мен оларды уақытша сақтау кезінде кедендік төлемдерді қамтамасыз ету сомаларының түсуі туралы алдын ала ақпараттың алынуы, тауарлардың әкетілуін бақылау кезінде экспорттық декларацияларды есепке алу, "Е-лицензиялау" деректер базасымен және басқа да бақылаушы органдарды интеграциялау, кеден одағы шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылдар көзделетін КБК ақпараттық жүйесі әзірленуде.

Өткізу пункттерінде тауарлар мен жолаушыларды жанама байланыссыз тексеріп қарау үшін 2010 жылы 5 млрд.теңгеден астам сомаға кедендік бақылаудың техникалық құралдары сатып алынды, 2011 жылы осы мақсаттар үшін сомасы 6 млрд.теңгеден астам ақша қаражатын бөлу көзделген.

Кеден қызметінің жұмысын халықаралық стандарттарға және Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу жөніндегі талаптарға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамыту жобасы шеңберінде жұмыстар жүргізілуде.

"Электрондық Үкімет" құрауышы ретінде "Электрондық кеден" Ақпараттық жүйесін құру шеңберінде "Қазақстан Республикасының кеден органдарының Web-Порталы және шлюзі" құрауышы әзірленуде.

Кедендік құжаттардың электрондық көшірмелерін тегін негізде қалыптастыруға және Интернет желісі арқылы кез келген кеден органының мекенжайына жолдауға мүмкіндік беретін "Web-декларант" электронды декларациясының бағдарламалық кешені тәжірибелік пайдалануға енгізілді.

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өткізілуін және кедендік ресімдеуді бақылауды автоматтандыру, кедендік құжаттар мен нормативтік анықтамалық ақпараттардың нысандарын біріздендіру үшін КААЖ-2 қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді пысықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Кедендік реттеуді жетілдіру, кедендік әкімшілдендірудің тиімді әдістерін енгізу

мақсатында барлық жерде кеден ісін жетілдіру мәселелері бойынша консультациялық к е ң е с т е р ж ұ м ы с і с т е й д і .

Алайда, қолданылып жатқан шараларға қарамастан, Қазақстанда кедендік операциялардың тиімділік деңгейі төмен деңгейде қалып келеді және Оңтүстік Шығыс Еуропа елдеріне қарағанда орташа алғанда екі есеге төмен. Кеден қызметін реформалаудың алғашқы бірнеше әрекеті қанағаттанарлық нәтиже берген жоқ және Дүниежүзілік Банктің жыл сайынғы есебі "Халықаралық сауда" санаты бойынша Қазақстан рейтингінің өте төмен, Қазақстанда сыбайлас жемқорлық индексінің Ресей мен Белоруссияға қарағанда жоғары (2,1 қарсы 2,9 және тиісінше 2,5) екенін көрсетті.

Халықаралық сауда рәсімдерін одан әрі оңайлату үшін "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру бойынша жұмыс басталды, ол СЭҚ-қа қатысушылар, кеден органдары және экспорттық-импорттық операциялар үшін рұқсат беру құжаттарын беретін мемлекеттік органдардың арасындағы өзара іс-қимылды толыққанды электрондық түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін интеграцияланған ақпараттық жүйені құру бойынша жұмыстар басталды, бұл бизнеске әкімшілік жүктемелерді және мемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықтың құрамын төмендетеді.

2014 жылы Е-терезе жүйесін енгізгеннен кейін экспорттық-импорттық операцияларды жүргізуге қажет құжаттар мен мәліметтердің барлығы электронды форматта берілетін болады. Е-терезені құру 15 мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін пысықтауды және Е-терезені іске асыруға тартылған мемлекеттік органдардың тарапынан "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйені енгізу бойынша іс-шараларды уақтылы орындауды талап етеді.

3-стратегиялық бағыт. Банкроттық саласындағы реттеу тиімділігін арттыру және дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру).

2002 жылдан бастап барлығы болып 23243 борышкер таратылған, олардың ішінде 20152 немесе 86%-ын жоқ және мүлкі (активтері) жоқ борышкерлер құрайды. Таратылған ұйымдарды банкроттау рәсімдерінің бастамашылары 60% жағдайларда салық органдары болып табылады.

Қазақстандағы тарату рәсімін жүргізу мерзімі 1,5 жылды, шығындары мүлік құнының 15 %-ын (Дүниежүзілік банктің бағасы) құрайды. Оңалту рәсімімен 2010 жылы 43 ұйым қамтылды.

Бұл ретте бірқатар артықшылықтарының болуына қарамастан бұл рәсімді кәсіпкерлер сирек пайдаланады. Негізгі проблема Қазақстан Республикасының банкроттық туралы қолданыстағы заңнамасының елдің экономикалық дамуы мен

бизнес қажеттіліктері үшін қажетті жағдайларға сәйкес келмеуі болып табылады. Халықаралық тәжірибе де төлемге қабілетсіз борышкерлерді қаржылық сауықтыру және дәрменсіздерді банкроттық тұрғысынан қайта қарау қажеттігін дәлелдеп отыр.

Дүниежүзілік банк банкроттық туралы заңнаманың борышкерлерді таратуға көбірек бағытталғандығын атап көрсетіп отыр, ал заңнама көбірек дәрежеде сауықтыру рәсімдеріне ынталандыруы тиіс.

Сонымен қатар, екінші деңгейдегі банктердің ақпараты бойынша әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс салдарынан орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жекелеген кәсіпорындар кредиттерге қызмет көрсету мен облигациялық қарыздарды өтеуге байланысты қиыншылықтарды бастан кешіруде, бұл банкроттық, кредиторлардың, инвесторлар мен контрагенттердің алдындағы міндеттемелерді орындамау, салықтық міндеттемелерді орындамау тәуекелдерін жасайды, банктердің несиелік қоржынында теріс көрініс табады.

Өз кезегінде банк активтері сапасының нашарлауы құрылатын провизиялар көлемінің, шығындардың, капиталға қысымның өсуіне және соның салдарынан нақты секторға кредит беру мүмкіндігінің қысқаруына әкеп соқтырады, бұл нәтижесінде экономиканың өсімін тежейді.

Мемлекет дағдарыс жағдайларында өзіне экономикалық процестерді тұрақтандырушы рөлін ала отырып, екінші деңгейдегі банктерге, шағын және орта бизнес субъектілеріне, құрылыс саласы компанияларына айтарлықтай қаржылық қолдау көрсетті.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2011 жылғы 11 ақпандағы "Нұр Отан" ХДП-ның XIII съезінде сөйлеген сөзінде нақты және қаржы секторларының орын алып отырған проблемалары туралы атап өтті және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен бірлесіп, дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру бағдарламасын әзірлеуді тапсырған болатын. Осы міндетті шешу – бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыруға көмек көрсету және қаржы жүйесін сауықтыру сияқты екі бағыт бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысымен Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) (бұдан әрі - Бағдарлама) қабылданды, оның шеңберінде берешегі 4,5 миллиард теңгеден асатын бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны іске асыру мақсатында "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді, ол Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына

е н г і з і л д і .

Аталған заң жобасында жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу, оңалту рәсімінің қолданылуын жеңілдету, кредиторлардың құқықтарын кеңейту, әкімшілік кедергілерді жоюды көзделген.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Тұжырымдама (2011 жылғы 5 тамызда ВАК мақұлдады) әзірленді.

Тұжырымдама Дүниежүзілік банктің сарапшылары дайындаған Қазақстан Республикасындағы дәрменсіздік мәселелері жөніндегі стандарттар мен кодекстердің сақталуы туралы есепті ескере отырып, әзірленді және банкроттық жүйесін тұтас алғанда реформалауға бағытталған.

Кредиторлар құқықтарын қорғауға бағытталған ашықтық және болжамдылық қағидаттарына негізделген дәрменсіздіктің тиімді жүйесін жасау мақсатында веб-портал ашу жоспарланып отыр, онда автоматтандырылған интерактивтік ресурстар мен ақпараттық технологияларды қолдана отырып, уәкілетті органның бақылау және қадағалау функцияларын іске асырумен бір қатарда Дәрменсіздік туралы мәліметтердің бірыңғай тізілімінің электрондық жүйесі қалыптастырылатын болады. Электрондық жүйе дәрменсіздік рәсімдеріндегі тұлғалар туралы мәліметтері бар басқа да мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен біріктірілетін болады. Интернет порталдың ашылуы, электрондық алмасу мен бақылау процесінің автоматтандырылуы дәрменсіздік рәсімдерінің барлық мүдделі қатысушыларының борышкер туралы мәліметтерге қолжетімділігін қамтамасыз етеді және рәсімдердің тиімділігін арттырады.

Қойылған мақсаттардың орындалуына әсер етуге қабілетті негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау:

сыртқы факторлар: Дүниежүзілік Банктің бағалау әдістемесін өзгерту, мемлекеттік органдардың банкроттық ақпараттық жүйелерімен біріктіруге дайын еместігі.

ішкі факторлар: кредиторлық берешектің айтарлықтай көлемі, өндіріп алынбаған дебиторлық берешек, негізгі құралдардың тозуы, тапсырыс берушілер, борышкер қызметтерін тұтынушылар тарапынан шарттық міндеттемелердің орындалмауы.

4-стратегиялық бағыт. Республикалық мемлекеттік меншікті және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншікті басқару жүйесінің тиімділігін арттыру

Заманауи кезеңде республикалық мемлекеттік меншік республикалық мемлекеттік кәсіпорындардан (400-ге жуық), жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар 124 акционерлік қоғамнан және 22 жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен, 2 дербес білім беру ұйымынан тұрады. Бұдан басқа, Қаржы министрлігі Қазақстандағы олардың қызметі туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін, олардың көп бөлігінің жеке меншікте немесе шетелдік инвесторлардың меншігінде екендігіне қарамастан, стратегиялық объектілердің мемлекеттік мониторингін жүзеге асырады.

Мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың қызметі уәкілетті мемлекеттік органдардың тұрақты бақылауын және жедел араласуын талап етеді. Бақылауды қамтамасыз ету үшін, Қаржы министрлігі мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға кезеңдік тексеру жүргізу және олардың негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне теріс әсер ететін жағымсыз факторларды анықтау жолымен мемлекеттік меншікті басқару тиімділігінің кешенді мониторингін жүргізеді. Мұндай бақылау мониторинг туралы есеп пен анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсынымдарды беретін тәуелсіз консультанттардың күшімен жүргізеді.

Мемлекеттік мониторинг, "Экономиканың стратегиялық маңызды бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Заңға сәйкес тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, кезеңдік түрде жүргізіледі. Оның нәтижелері ел экономикасының жұмыс істеуі бойынша ақпараттық картинаның толықтығын қамтамасыз ету үшін мүдделі мемлекеттік органдарға жолданады.

Қазіргі кезеңдегі мемлекеттік меншікті басқару әдістері мен тәсілдерді едәуір жетілдіруді талап етеді. Мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың қызметін кезеңді бақылау қаржы-шаруашылық қызметінің нашарлауының алғышарттары бар мониторинг объектілерін уақтылы анықтауды қамтамасыз етпейді. Күнтізбелік кезеңнің қорытындылары бойынша залалдарға, активтер құнының төмендеуіне, әкімшілік шығыстардың өсуіне және т.б. жол берген мемлекеттің қатысуы бар шаруашылық субъектілерінің саны әлі де көп болып қалуда.

Мемлекеттік мониторингтің нәтижелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен ақпарат алмасудың тиімділігін айқындау әрқашан да мүмкін бола бермейді.

